



**Атырау қаласы**  
**01.07.2025 ж.**

**«2025 жылдың маусым айында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша қоғамдық талқылау өткізу туралы»**

Төраға: директор у.м.а. Д.Х.Елеуов

Катысқандар:

сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобының төрағасы

Р.Кайыржанов,

жұмыс тобының мүшелері:

заңгер-комплаенс офицер Қ.Қ.Темиралиев

персоналды басқару бөлімінің басшысы А.Е.Джанбирбаева

бөлім менгерушілері, дәрігерлер

### **КҮН ТӘРТІБІ**

«Атырау облыстық инфекциялық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ны маусым айында жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша қоғамдық талқылау.

**Аурухананың комплаенс офицері К.К.Темиралиев сөз бастады:**

2025 жылғы 2- 30 маусым аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі жұмыс тобымен ауруханада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізді.

Жүргізілген мониторинг бойынша анықталған сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдер фактілеріне сәйкес аурухананың бір қызметкері дәрігер

Мониторинг нәтижесінде анықталды, 04.10.2024 жылғы №13 келісім шарт негізінде дәрігер анестезиолог-реаниматологқа берілген, Жеруық ықшам ауданы, Нарен Имашева көшесі, 2А үй, №50 қызметтік пәтерінде мүлдем басқа адамдар тұрғандары анықталды. Пәтерде тұрған қыздың сөзінше, ол — жұмысшының жұбайының туысканы екенің түсіндірді. Сонымен қатар, бұл жұмысшы қала сыртынан келген маман емес, Атырау қаласындағы жеке үйде отбасымен және ата-анасымен тұратын жергілікті кадр болып шықты. Бұл жағдай жұмысшы шын мәнінде пәтерге мұқтаж емес екенін көрсетеді, және оның туыстарына бұл қызметтік пәтерді өз қажеттіліктеріне пайдалануға мүмкіндік беріп, оны жұмыс берушіге кері қайтармай пайдаланып келіп, бұл жағдайды сыбайлас жемқорлық қаупі ретінде қарастыруға болады, себебі қызметтік пәтердің заңсыз пайдалануына немесе дұрыс пайдаланылмауына әкеліп соғуы мүмкін. Бұл мүлікті заңсыз пайдалану және жұмыс беруші мүдделеріне қайшы келетін әрекет деп есептеледі.

Осы орайда, алдағы уақытта заң бұзушылық болдырмаудың алдын алу үшін, ауруханада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту бойынша ұсынымдар берілді, атап айтқанда:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;
- аурухана аумағында өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында

оларға қандай да бір адамдардың жүгіну фактілері туралы және т. б. басшылықтың назарына дереу жеткізу.

**Төрағалық етуші аурухана директоры у.м.а. Д.Х.Елеуов сөз жалғастырды;**

Айтылғандардың негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс - шаралар жоспарын бекітті, онда орындаушылар мен орындау мерзімдері көрсетілген.

**Комплаенс офицер**



**К.К.Темиралиев**

**Хатшы**



**А.Е.Джанбирбаева**